

"Тың тау-кен-химиялық комбинаты" мемлекеттік холдинг компаниясын қаржылық оңалту жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 тамыздағы N 1299 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

"Тың тау-кен-химиялық комбинаты" мемлекеттік холдинг компаниясын қаржылық оңалту жөнінде кезек күттірмейтін шаралар қабылдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес "Тың тау-кен-химиялық комбинаты" мемлекеттік холдинг компаниясы дәрменсіз б о р ы ш к е р д е п т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті:

соттан тыс тәртіппен "Тың тау-кен-химиялық комбинаты" мемлекеттік холдинг компаниясына қатысты оңалту рәсімдерін жүргізсін;

"Тың тау-кен-химиялық комбинаты" мемлекеттік холдинг компаниясының оңалтушы басқарушысын тағайындасын;

"Қазақатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясына "Тың тау-кен-химиялық комбинаты" мемлекеттік холдинг компаниясы акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және оны пайдалану құқығы берілсін;

"Тың тау-кен-химиялық комбинаты" мемлекеттік холдинг компаниясына несие алу үшін кепілдік ретінде тауарлық өнімдердің қоймалық қорларын пайдалануға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкіне "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамымен бірлесіп "Тың тау-кен-химиялық комбинаты" мемлекеттік холдинг компаниясы үшін қоймалардағы дайын өнімдердің кепілдігімен, айналымдағы қаражатты толтыру және кәсіпорынның берешектерін төлеу мақсатында 22 млн. АҚШ долларына, оның ішінде 1997 жылы - 8 млн. долларға, 1998 жылы - 8 млн. долларға, 1999 жылы - 6 млн. АҚШ долларына бара-бар сомада несие ресурстарын іздестіру сондай-ақ көрсетілген қаражаттың мақсатты пайдаланылуы жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК